



АТҚАРУ КОМИТЕТИ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

11.09.2023 ж.

№ 27, 1-т.

**Астана қаласының білім кәсіподағы ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы.**

«Астана қаласының білім кәсіподағы ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы» сұрағын қарау нәтижелері бойынша Атқару комитетінің қаулысымен бекітілген Орталық комитеті аппаратының 2023 жылға арналған перспективалық жұмыс жоспарының 1.2.3-тармағын орындау мақсатында Салалық Кәсіподақтың Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының білім қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Б.Ә. Әлиевтің Астана қаласының білім кәсіподағы ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы ақпараты назарға алынсын (қосымша беріледі).

2. «Астана қаласының білім қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ басқарушы органдарына:

- Астана қаласының білім қызметкерлерінің кәсіподағы ұйымында ақпараттық жұмысты жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру;

- қалалық ұйымның ақпараттық жұмысын одан әрі жетілдіру шаралары мен жай-күйі туралы мәселені басқару органдарының қарауына үнемі енгізіп отыру;

- Instagram әлеуметтік желісіндегі жазылушылар санын көбейту шараларын қабылдау (барлығы 269 жазылушы);

- кәсіподақ қызметі туралы қызметкерлерді жедел ақпараттандыру үшін Орталық комитеттің Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерін және ресми сайты белсенді пайдалану ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В. Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға

А. Мұқашева